



«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ

САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

НҮСҚАУЛЫҚ



БЕКІТЕМІН

«Х.Досмұхамедов атындағы
Атырау университеті» КеАҚ

Басқарма Төрағасы-Ректор


С.Н.Идрисов







« 01 » 01 2021ж.


**«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ СПОРТ» МАМАНДЫҒЫНЫҢ
СТУДЕНТТЕРІНЕ ТЕХНИКА ҚАУІПСІЗДІГІ БОЙЫНША КІРІСПЕ
НҮСҚАУЛЫҚ**

СМЖ № 135

Атырау 2021ж.


 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	2 - бет, 10 беттен тұрады

	Лауазымы	Т.А.Ә.	Қолы	Күні
Жасақтаған	Шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы	Г.С.Жайлаубаева		20.01.21
Келісілді	Академиялық мәселелер жөніндегі проректор	К.М.Утепкалиева		20.01.21
	«Қазақстандық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Атырау облыстық ұйымы» ҚБ Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті филиалының төрағасы	А.Қ.Ахмет		20.01.21
	Пайдалану және техникалық қызмет көрсету басқармасының жетекшісі	Т.Т.Аманов		20.01.21
	Сапа мониторингі кеңсесінің жетекшісі	Ж.Т.Кайшыгулова		20.01.21
	Заң кеңесшісі	К.С.Куанов		20.01.21

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	3 - бет, 10 беттен тұрады

Мазмұны

1	Жалпы ережелер	4
2	Қысқартулар	4
3	Нормативтік сілтемелер	4
4	Дене тәрбиесінің негізгі ұғымдары	4
5	Таныстыру парағы	8
6	Өзгерістер мен толықтыруларды тіркеу парағы	9

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	4 - бет, 10 беттен тұрады

1 Жалпы ережелер

- 1.1 Осы нұсқаулық Қазақстан Республикасы "Білім туралы" Заңының, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді. Осы нұсқаулықтың мақсаты - Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінің профессор-оқытушылар құрамы, студенттер және қызметкерлері үшін қауіпсіз жағдай жасау болып табылады.
- 1.2 Университет нысандарында техника қауіпсіздігі талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.3 Оқу үдерісі кезінде университеттегі техника қауіпсіздігі талаптарының сақталауын қадағалау:
- құрылымдық бөлімшенің басшысына;
 - төтенше жағдайлар және техника қауіпсіздігі жөніндегі инженерге жүктеледі.
- 1.4 Осы нұсқаулықтың талаптарының орындалуы университетте үнемі немесе уақытша жұмыс жасайтын барлық қызметкерлер, студенттер үшін, университет аумағында өз қызметтерін жүзеге асыратын немесе басқа да себептермен барлық заңды және жеке тұлғалар үшін міндетті болып табылады.
- 1.5 Профессор-оқытушылар құрамы, университет қызметкерлері, студенттер осы Нұсқаулықпен таныстырылуы тиісті.


2 Қысқартулар

Осы Нұсқаулықта төмендегідей қысқартулар қолданылады:

- АУ- Атырау университеті
- СМК– сапа мониторингі кеңсесі
- АМЖП – академиялық мәселер жөніндегі проректор
- ҚББ – құрылымдық бөлім басшысы
- ТҚ – техника қауіпсіздігі
- ЕҚ – еңбек қауіпсіздігі
- ТЖ – төтенше жағдай

3 Нормативтік сілтемелер

- 3.1 Қазақстан Республикасының Конституциясы.
- 3.2 Қазақстан Республикасы Еңбек кодексі.
- 3.3 Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрінің 2015 ж. 30 қарашада №927 бұйрығымен бекітілген «Жұмыс берушімен еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау нұсқаулықтарын дайындау, бекіту және қайта қарау Ережелері».
- 3.4 АУ Жарғысы.
- 3.5 Университеттің ішкі еңбек тәртібі Ережесі.
- 3.6 ИСО 9001:2015 халықаралық стандарты.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	5 - бет, 10 беттен тұрады

4 Дене тәрбиесінің негізгі ұғымдары

Дене тәрбиесі – қоғамның және адамның жалпы мәдениетінің органикалық бөлігі, денсаулықты нығайту және физикалық мүмкіндіктерін дамытуға, өмірлік тәжірибеге дайындауға бағытталған адамдардың әлеуметтік қызметінің түрі болып табылады.

Физкультурник - өз денсаулығын нығайту, дамыту және физикалық жетілдіру мақсатында жүйелі түрде қол жетімді физикалық жаттығулар жасайтын адам.

Физикалық даму – бұл адам организмінің тұқым қуалаушылықтың, өмір шарттарының және тәрбиенің әсері негізінде қалыптасу биологиялық процесі.

Дене тәрбиесі бағдарламасы студенттермен теориялық тақырыптарды оқып-танысу және әртүрлі спорт түрлерінің физикалық жаттығуларын меңгеруді қарастырады.

4.1 Қауіпсіздіктің жалпы талаптары:

Студент міндетті:

- медициналық тексеруден өтуге және денсаулық жағдайына байланысты өзіне қатысты медициналық топта жаттығуға;
- ауа райына және сабақтың тақырыбына сәйкес келетін ұқыпты спорт формасын киюге (шорты, майка, жейде, спорт костюмы, трико, таза аяқ киім: кеды, кроссовки);
- оқытушының алғашқы талабы бойынша киім ауыстыру бөлмесін босатуға;
- ауырып қалған жағдайда, дәрігерден анықтама әкелуге;
- дәрігер босатқан болса, аурудан айыққан соң, сабаққа қатынасуға;
- спорт мүліктерін және құрал-жабдықтарын белгіленген мақсатында пайдалануға;
- тырнақтары қысқа қиылған болуы керек;
- қауіпсіздік шаралары нұсқаулығын білуге және орындауға.

Студенттерге:

- есіктерді оқыс ашып қалуға және оларға ілініп тұруға, жарықты сөндіруге, киім ауыстыру бөлмесіндегі және спорт залындағы плафондарды қозғауға;
- розеткаға басқа заттарды қосуға;
- сабаққа дейін және одан кейін салқын су ішуге;
- ылғалы кеппеген алаңда, тайғанақ және тегіс емес грунтта айналысуға болмайды.

4.2 Сабақ басталар алдындағы қауіпсіздік талаптары


Студент:

- киім ауыстыру бөлмесінде спорт формасын киюге және аяқ киім кию керек;
- басқа шұғылданушыларға қауіпті болатын (сырға, сағат, білезік, және басқалары) заттарды шешіп тастауға;
- спорт формасының қалтасынан шанышқы тәріздес және басқа да заттарды алып тастауға;
- оқытушының басшылығымен сабақ өткізуге қажетті мүліктерді дайындауға;
- оқытушының рұқсатымен сабақ өткізу орнына шығуға;
- оқытушының командасымен жалпы сапқа тұруға міндетті.

4.3 Сабақ кезіндегі қауіпсіздік талаптары

Студент:

- сабақ кезінде оқытушыны мұқият тыңдауы және оның тапсырмаларын қалтқысыз орындауы;
- спорт мүліктерін алу және жаттығулар орындау оқытушының рұқсатымен жасалуы тиіс;

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	6 - бет, 10 беттен тұрады

- қозғалыс кезінде алға қарау керек, қажетті аралықты және қашықтықты сақтау керек, соқтығысып қалмау керек;
- жаттығуларды бүтін мүліктермен жасау және бұзық емес құралдарда орындау керек.

Студенттерге:

- оқытушының рұқсатынсыз сабақ өткізу орнын тастап кетуге;
- итеру, сапта және қозғалыс кезінде аяқтан шалуға;
- баскетбол фермаларына міну, шығыршықтарға іліну;
- сағыз шайнауға;
- тапсырмаларды орындау және жаттығулар жасау кезінде кедергі келтіру және алаңдату;
- жаттығуларды ылғал алақанмен орындауға;
- өз қозғалысының бағытын шұғыл өзгертуге болмайды.

4.4 Оқыс уақиғалар мен экстремалды жағдайлардағы қауіпсіздік шарттары

Студент міндетті:

- жарақат алған жағдайда немесе жағдайының нашарлауында сабақты тоқтату және дене тәрбиесі және спорт оқытушысын хабардар ету керек;
- оқытушының көмегімен жарақат алушыға алғашқы медициналық көмек көрсету керек, қажет болған жағдайда оны емханаға жеткізу немесе «жедел жәрдем» шақырту керек.
- спорт залында өрт шығуы кезінде шұғыл сабақты тоқтатып, ұйымдасқан түрде оқытушының басқаруымен эвакуация жспарына сәйкес, шығу есіктері арқылы сабақ ету орнын босату керек;
- оқытушының тапсырмасы бойынша оқу орнының әкімшілігін хабардар ету керек және өрт жөнінде өрт сөндіру бөліміне **101, 45-00-00** тел. арқылы хабарлау керек.

4.5 Сабақ аяқталғаннан кейінгі қауіпсіздік талаптары

Студент міндетті:

- оқытушының басшылығымен спорт мүліктерін оларды сақтау орнына жинауға;
- сабақ өткізу орнын ұйымдасқан түрде босатуға;
- киім ауыстыру бөлмесінде киім ауыстырып, спорт костюмін және спорт аяқ киімін шешуге;
- қолды сабынмен жууға.


Профессор-оқытушылар, қызметкерлер және білім алушылар ішкі тәртіп ережелерін, санитарлық-эпидемиологиялық регламентті, өрт қауіпсіздігі мен техника қауіпсіздігін сақтауға жауапты.

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу Басқарма Төрағасы-Ректордың рұқсатымен жүзеге асырылады және оның қолымен құжат түрінде бекітіледі.

Түпнұсқаға және есептік жұмыс даналарына өзгерістер мен толықтырулардың енгізілуі Нұсқаулықтарды әзірлеу тәртібі талаптарына сәйкес жүргізіледі.

Түпнұсқа мен есептік жұмыс даналарына түзетулер мен толықтырулар енгізуге шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы және ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапкершілікте болады.

Нұсқаулық ҚББ қажет болған жағдайда қайта қарастырылады.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	7 - бет, 10 беттен тұрады

Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізуге негіздер мыналар бола алады:

- заңды күші бар нормативті-құқықтық актілерге қайта енгізілген өзгерістер мен толықтырулар;
- басқарма төрағасы-ректор бұйрықтары;
- құрылымдық бөлімшелер арасындағы міндеттерді қайта бөлулер;
- құрылымдық бөлімшелерді қайта ұйымдастыру.

Ұйымның атауы өзгерулері кезінде немесе құрылымдық бөлімше атауы өзгерген кезде Нұсқаулық ауыстырылуы тиіс.

Ауыстыру кезінде күші жойылған Нұсқаулықтың университетте бар барлық даналары алынып тасталады және жаңасымен ауыстырылуы керек.


Күші жойылған нұсқаулықты алмастыруға және алып тастауға ҚББ мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер жауапты.

Нұсқаулықты Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық талаптарға және ИСО 9001:2015 ХС сәйкес келістіруді СМК жүзеге асырады.

Нұсқаулықты шаруашылық қызметі басқармасының жетекші маманы мен ТЖ және ТҚ жөніндегі инженер дайындайды.

Нұсқаулық Басқарма Төрағасы-Ректормен бекітіледі және оның өзгертілуіне дейін әрекет етеді.

Нұсқаулықтың есептік жұмысшы даналарының бөлімшелерде сақталуына жауапкершілік ҚББ тиесілі.

 ATYRAU UNIVERSITY	«Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті» КеАҚ	Басылым: үшінші
	«Дене тәрбиесі және спорт» мамандығының студенттеріне техника қауіпсіздігі бойынша кіріспе нұсқаулық	10 - бет, 10 беттен тұрады
